

Жайық таңы

«Ақжайық ауданында 25 инвестициялық жоба жүзеге асуда»



Ақжайық – тоғыз жолдың торабында орналасқан аудан. Осы өңірде біраз іс жүзеге асып жатыр. Күрмеулі мәселелер де жеткілікті. Аудан әкімі Мұрат Сердалин жыл ішінде атқарылған жұмыс барысы, алдағы кезеңде жүзеге асатын жоба-жоспар жөнінде баяндайды.

4-5 бетте

ОБЛЫС ПРОКУРОРЫ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛАДЫ



2-бет

ОРТАҚ ІС ТҮГЕЛ ҚОҒАМНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛУЫ ТИІС



3-бет

ПАРИЖ ТӨРИНЕН ОЛЖАМЕН ОРАЛҒАН СПОРТШЫ



8-бет

2026 жылға облыс және аудан газеттеріне жазылым бағасы

Басылым атауы	Редакция арқылы				Қазпошта арқылы			
	Жеке тұлға үшін		Заңды тұлға үшін		Жеке тұлға үшін		Заңды тұлға үшін	
	6 ай	12 ай	6 ай	12 ай	6 ай	12 ай	6 ай	12 ай
Жайық таңы	2900	4800	3700	6200	3835,8	6671,5	4585,76	7971,52
Орал өңірі	4400	7800	5500	9700	6438,96	11677,92	7438,96	13377,92
Приуралье	4400	7800	5500	9700	6379,16	11558,32	7379,16	13258,32

Редакция арқылы қашықтан төлем жасау жолы

- 1) WhatsApp арқылы 8-747-385-25-23 нөміріне хабарласып, төлем жасайтыныңызды хабарлау қажет
- 2) Содан кейін сіздің нөміріңізге қашықтан төлем жасауға сілтеме жіберіледі.
- 3) Сол сілтеме арқылы Kaspi банктің мобильді қосымшасына өтіп, тиісті қаражатты енгізіп, төлем жасайсыз.
- 4) Төленген чекті 8-747-385-25-23 нөміріне жазылушының аты-жөні, жазылған газеттің атауын, ақылы қызмет түрін көрсетіп кері жолдайсыз.

Сот төрағалары тағайындалды

ҚР Президентінің 2025 жылғы 11 қазандағы №1036 Жарлығына сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша Ақжайық аудандық сотының төрағасы қызметіне Гүлжихан Сағитова тағайындалды.

Гүлжихан Темірболатқызы Сағитова 1969 жылдың 5 желтоқсанында Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1999 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған.

Еңбек қызметін 1988 жылы Орал облыстық сотында қағаз басушы болып бастап, кейін Батыс Қазақстан облыстық сотында сот мәжілісінің хатшысы, жетекші маман, бас маман қызметтерін атқарды. 2003 жылдан бастап сот жүйесінде судьялық және басшылық лауазымдарға тағайындалды. Ол Жаңақала аудандық сотының судьясы, Ақжайық ауданы №2 сотының төрағасы, Бөкейорда аудандық сотының төрағасы, Қазталов аудандық сотының судьясы қызметтерінде жұмыс істеді. 2023 жылдан 2025 жылға дейін Ақжайық аудандық сотының судьясы ретінде қызмет атқарған.



* * *

Қазақстан Республикасының Президентінің 2025 жылғы 10 қарашадағы №1085 Жарлығына сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша Ақжайық ауданының №2 аудандық сотына төраға болып Тамара Ғұмарова тағайындалды.

Тамара Сәлімжанқызы 1971 жылдың 27 шілдесінде Батыс Қазақстан облысы, бұрынғы Тайпақ ауданының Базартөбе ауылында дүниеге келген. 2004 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдап, заңгер біліктілігін алған.

Еңбек жолын 1989 жылы Базартөбе кеңшарында бастаған ол 1992 жылдан бастап Батыс Қазақстан облыстық сотының экспедиторы, кейін сот мәжілісінің хатшысы, бас маманы ретінде ұзақ жылдар еңбек етті. 2007 жылдан бастап судьялық қызметке тағайындалып, Бөкейорда аудандық сотында судья, кейін сол соттың төрағасы қызметтерін атқарды.

2015–2021 жылдары Ақжайық ауданының №2 сотын басқарған Тамара Сәлімжанқызы кейін Сырым аудандық сотының төрағасы болды.



Өткен аптада Бас Прокурордың тапсырмасы аясында Чапаев ауылында облыс прокуроры Нұрбек Ұласбекұлы болып, азаматтарды қабылдады. Тұрғындардың өтініштерін тыңдап, тиісті органдар өкілдерімен бірге бірқатар мәселелерді орнында шешуге көмектесті.

Облыс прокуроры тұрғындарды қабылдады

Негізгі тақырыптардың бірі – жол-көлік оқиғалары жиі орын алатын Орал-Атырау тас жолындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл оқиғалар малдардың жолға шығуынан туындап отыр. Қазан айында өткен үйлестіру кеңесінің отырысында малға жарық шағылыстыратын лента тағу ұсынылған болатын. Алайда көптеген малшылар бұл

қосымша шығын екенін айтып, шағымдануда.

Прокуратураның бастамасымен оңтайлы шешім табылды: жергілікті кәсіпкерлер ауыл тұрғындарына жарық шағылыстыратын лентаны бағамен ұсынуда. Қазірдің өзінде 400-ден астам түлікке осындай лента тағылған. Сонымен қатар, 2026 жылдан бастап «Еңбек Жайық»

республикалық мемлекеттік кәсіпорны бұл ленталардың өндірісін жолға қоймақ, демек баға да қолжетімді болады деген сөз.

Бұл – аман қалған өмірлер, сақталған мүлік және прокуратура мен тұрғындардың бірлескен жұмысының нақты нәтижесі.

Өз тілшімізден



Кәсіби мерекеге орай

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы теңге күні және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудан әкімінің орынбасары Ердоc Үмітов ауданның қаржы саласында абыройлы еңбек етіп жүрген бір топ маманды қабылдап, кәсіби мерекемен құттықтады.

– Қаржы саласы – мемлекеттік басқарудың өзегі. Экономикалық өсім, бюджет тұрақтылығы, республикалық және жергілікті бағдарламалардың уақтылы жүзеге асуын осы сала мамандарының табанды еңбегінің нәтижесі деп бағалаймыз. Сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіздің арқасында қаржы саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік, – деді ол.



Осыдан кейін ол бірқатар сала қызметкерлерін марапаттады. Аудандық жер қатынастары бөлімінің бас маманы Гаухар Айдынгалиева Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасы басшысының, экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Жәмел Азамат БҚО мемлекеттік сатып алу және коммуналдық

меншік басқармасы басшысының алғыс хаттарымен қошеметтелді. Сондай-ақ бір топ маманға аудан әкімінің және аудандық мемлекеттік мекемелер қызметкерлері салалық кәсіподағының алғыс хаттары табысталды.

Айжан АҚЫЛ

13 ноября в райцентре было проведено республиканское командно-штабное учение «Қыс-2025».

Во время учения была проверена готовность районного отдела по ЧС, пожарной службы, медицинской службы, инженерных и инфраструктурных отделов. Всего в учении были задействованы 88 человек и 44 техники.

В ходе учения его участники выполняли ряд заданий по устранению условных ситуаций. Так по одной из них, в департамент по чрезвычайным ситуациям Западно-Казахстанской области поступила информация о том, что на территории нашего района, вблизи села Чапаев, из-за неисправности тормозной системы автомобиль марки

Учение оценило готовность к зиме



«ВАЗ-2109» сорвался с берега и скатился в реку Жайык. Водитель сумел выбраться из автомобиля и самостоятельно добрался до берега.

Для проведения эвакуации автомобиля с водоёма и водолазных работ были привлечены силы и средства дежурного состава №6 спасательного отделения, из районного отдела чрезвычайных ситуаций,

спасательного отделения №6, ГКП «Жайыктехсервис», районного отдела полиции. В 17:30 условный автомобиль «ВАЗ-2109» был извлечён из реки Жайык. Пострадавших нет.

Также согласно условной легенде, на 365-м километре автодороги «Атырау–Орал», вблизи села Чапаев, из-за гололеда произошло столкновение двух легковых

автомобилей, после чего произошёл массовый занос и столкновение еще около 50 транспортных средств.

На место условного происшествия были направлены силы экстренного реагирования. На месте спасатели провели деблокирование пострадавших, медицинские службы оказали первую помощь, служба дорожного

хозяйства произвела очистку и расширение проезжей части. А полицейские обеспечили регулирование движения и безопасность участка. Автомобили, участвовавшие в условном ДТП, были эвакуированы с проезжей части. Условные пострадавшие с различными степенями травм были доставлены в Акжайыкскую районную больницу.

Надо отметить, что задания по ликвидации условных происшествий были выполнены успешно.

В рамках учения формирований гражданской защиты в районном центре состоялся смотр личного состава и техники отряда быстрого реагирования. Отмечена готовность к действиям по предупреждению ликвидации чрезвычайных ситуаций в зимний период.

Алия ШАРАПИЕВА



Ортақ іс түгел қоғамның бақылауында болуы тиіс

Чапаев ауылында «Құқығыңды біл, қоғамның белсенді мүшесі бол!» жобасы аясында маңызды семинар ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – қарапайым азаматтарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға, мемлекеттік сатып алу процесін бақылауға белсенді түрде тарту.

Жобаның авторы Бауыржан Зәки жастарға осы тақырыпта дәріс өткізіп, мемлекеттік сатып алулар жүйесінің қалай жұмыс істейтіні, тендерлер туралы толық ақпаратты қайдан табуға

болатыны, сұрау немесе шағым берудің тәртібі, жиі кездесетін құқық бұзушылық түрлері және анықталған заңсыздықтарға қалай әрекет ету керектігін түсіндірді. Қоғам белсендісі, облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі Бауыржан Зәки заңнамада азаматтық бақылауға нақты құқықтар берілгенін атап өтті. Мемлекеттік сатып алу саласы – сыбайлас жемқорлыққа ең осал бағыттардың бірі. Осы салада қабылданған әр шешім қоғам дамуына тікелей әсер етеді. Мысалы, мектептегі тамақтандыру тендері талапқа сай өтпесе, ең алдымен балалар зардап шегеді. Жол жөндеу конкурстары сапасыз ұйымдастырылса, сәйкесінше сапалы жол болмайды.

– Мемлекет – ең ірі сатып алушы, бірақ соңғы бенефициар – халық. Бұл – халықтың ақшасы, халықтың жолы, халықтың мектебі. Сондықтан мұны халық болып жіті қадағалауымыз керек. Ортақ іс түгел қоғамның бақылауында болуы тиіс, – деді Бауыржан Зәки. Жоба аясында облысымызда қоғамдық бақылаушылар қатарын қалыңдату, мемлекеттік сатып алуларға жасалған мониторинг қорытындылары бойынша қоғамдық есептер әзірлеу, заңнаманы жетілдіруге ұсыныстар дайындау, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмысты күшейту жоспарланған.

Нұрбек ИХСАН

Мейірман ақынның кезекті жеңісі

Теректі аудандық «Теректі жаңалығы» газетінің 90 жылдық мерейтойына орай ақындар арасында өткен облыстық мүшәйрада Ақжайықтың ақын ұлы Мейірман Шәкенов жеңімпаз атанды.



сайыста Жұбан Молдағалиевке арнауын және «Теректі жаңалығы» газетінің кешегісі мен бүгініне шолу жасаған мазмұнды өлеңін оқып, қазылар алқасының жоғары бағасын иеленді. Сөздің қадірін білетін, өлеңнің өзегіне

терең бойлайтын ақынның шығармашылығы аудан, облыстың жырсүйер қауымына жақсы таныс. – Мейірман осы мүшәйрада туған жердің, ел мен руханияттың жанашыры екенін анық дәлелдеп шықты. Газетіміздің 90 жылдығына арналған мүшәйрада I орын алуы – әділ жеңіс. Алдағы уақытта да Ақжайықтың арынды ақынына шығармашылық табыс тілейміз. «Теректі жаңалығына» арналған өлеңін басылымға деген құрметтің көрінісі деп ірі бағаладық, – дейді «Теректі жаңалығы» газетінің редакторы Темірболат Тоқмамбетов.

Әсем ЕСБЕК

Жертвы интернет-мошенничества добились возврата средств

Жители одного из сёл Западно-Казахстанской области смогли вернуть свои деньги спустя два года после обмана в интернете. Юридическую помощь сельчанам оказали медиатор и юрист медицинского поезда «Саламатты Қазақстан». Проект реализуется при поддержке Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК, при финансовой поддержке корпоративного фонда Samruk-Kazyna Trust и сотрудничестве министерства здравоохранения. Десять сельчан стали жертвами мошенников, пытаясь приобрести товары через мессенджер WhatsApp. После перевода средств продавцы переставали выходить на связь и блокировали покупателей. Долгое время пострадавшие не знали, куда обращаться за защитой своих прав. Ситуацию уда-

лось урегулировать благодаря бесплатной юридической помощи, оказываемой в рамках проекта медицинского поезда «Саламатты Қазақстан». Юрист поезда провёл консультации, помог составить досудебные претензии и исковые заявления. В результате судебного разбирательства стороны заключили медиативное соглашение, утверждённое судом. Согласно документу, продавец обязан возместить ущерб пострадавшим. Уже четверым гражданам удалось восстановить нарушенные права и вернуть деньги. Ещё шесть дел находятся в процессе: направлены досудебные претензии, и готовятся исковые заявления после оплаты государственной пошлины. «Наша задача – не только предоставить медицинскую помощь жителям отдалённых сёл, но и оказать им юридическую и медиативную поддержку высококва-

лифицированных специалистов. Интернет-мошенничество – частый случай, с которым обращаются жители. К сожалению, многие теряют надежду и не обращаются к юристам за помощью. Этот случай в ЗКО показал, что благодаря профессиональной работе специалистов люди могут реально защитить свои права и вернуть утраченное. Мы продолжим укреплять правовую грамотность граждан и помогать в решении их социальных проблем», – отметила Альфия Адиева, генеральный директор корпоративного фонда «Samruk-Kazyna Trust». Медицинский поезд работал в регионе с 27 июня по 10 июля. За это время бесплатную помощь получили 7462 человека, из них 7087 — медицинскую. Каждый третий пациент был ребенком.

Источник: корпоративный фонд «Samruk-Kazyna Trust»

Мемлекеттік қызметке жұмысқа тұрғың келе ме, цифрлық платформаны пайдалан

Мемлекеттік қызметке орналасу ашықтық пен әділдік қағидаттарына негізделеді. Бұл процесті автоматтандыру және үміткерлерге ыңғайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік қызметке орналасу толығымен цифрлық жүйе арқылы жүзеге асады.



Онлайн конкурстың тәртібі ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізудің уақытша қағидаларымен айқындалады (Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығының 2-3-қосымшасы). Цифрлық форматта енгізілген «E-Qyzmet» электронды платформасы – барынша ыңғайлы әрі ашық алаң, азаматтарға интернет арқылы, үйде отырып-ақ, мемлекеттік лауазымдарға конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. Конкурс кезінде үміткерге жеке ID-нөмір беріліп, әрбір қатысушы анонимді түрде тіркеледі, сондықтан оның жеке деректері тестілеу мен бағалау кезінде көрсетілмейді. Бұл тәсіл адам факторының ықпалын азайтып, конкурс процесінің әділдігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестілеу мен жеке қасиеттерін бақылау, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс жасау қабілеттерін анықтайтын кезеңдер прокторинг жүйесі арқылы бақыланып, ереже бұзуға жол берілмейді. Әңгімелесу үміткердің жеке кабинетіне жіберілген сілтеме бойынша бейнебайланыс режимінде жүргізіліп, бос лауазым бойынша және алдыңғы жұмыс орындарының қызметтік функционалдық бағыттарына сәйкес жеке қасиеттері тұрғысынан жалпы сипаттағы сұрақтар қойылады. Барлық кезеңдерден өткен үміткерлердің нәтижесі толығымен автоматты түрде жүйе негізінде қалыптасады. Шешім жүйеде тіркелген балл арқылы анықталады, ал конкурс нәтижесі электронды форматта үміткердің жеке кабинетіне хабарламамен жолданады. Жаңа формат енгізілгеннен бері жергілікті атқарушы органдарға 700-ге жуық азамат осы тәртіппен мемлекеттік қызметке орналасты. Сонымен қатар қыркүйек айында конкурс өткізу қағидаларына өзгерістер енгізіліп, осы жылдың 20 қарашасынан бастап төменгі лауазымдарға орналасуға арналған конкурстарда әңгімелесу жүргізілмейді. Төменгі лауазымдар бойынша әңгімелесудің орнына практикалық бағалау кезеңі енгізіліп, оған конкурстың алдыңғы кезеңдерінің нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған екі үміткер жіберіледі. Практикалық бағалау кезеңінде үміткерлердің бос лауазымның функционалдық бағыттарынан туындайтын кәсіби қабілеттері анықталады. Практикалық тапсырмалар тиісті саладағы мемлекеттік саясатты, нормативтік-құқықтық актілер және әкімшілік рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу, бос лауазымның лауазымдық міндеттері шеңберінде мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға ресми сауалдар мен хаттар дайындау; жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, заңнамаға сәйкес дәлелді жауаптар дайындау бағыттары бойынша жүзеге асырылатын болады. Үміткерлер жүйеде онлайн режимде тәуліктің кез келген ыңғайлы уақытында 21.00 сағаттан кешіктірмей, жүйемен айқындалатын кестеге сәйкес, күніне бір тапсырмадан орындайды және бір тапсырманы орындау уақыты 120 минуттан аспайды. Аталған кезең проктормен тексеріледі. Сонымен қатар, енді бос лауазымға өтінімдерді қабылдау мерзімі жалпы конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін бес жұмыс күннен үш күнтізбелік күнге қысқартылды. Конкурстың цифрлық форматы мемлекеттік қызметке кадрларды қабылдау үдерісін әділдік, ашықтық және бәсекелестік негізінде ұйымдастырып, кәсіби әрі адал кадрларды іріктеуді көздейді.

Венера МАСИМОВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

– Мұрат Амангелдіұлы, 2025 жылы аудан экономикасын нығайту бағытында атқарылған шаруаларға шолу жасап өтсеңіз?

– Аудан бойынша 2025 жылдың 9 айында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі – 27,8 млрд теңге. Тартылған инвестицияның 8,2 млрд теңгесі бюджеттік қаражат болса, 17,4 млрд теңгесі – жеке инвестиция.

Ауданымызда ірі қара малы биыл 159 480 (2024 ж. 147 945 бас), жылқы 53 316 (2024 ж. 53 144 бас), түйе 240 басты (2024 ж. 239 бас) құрап, өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ірі қара 7,8%, жылқы 0,3%, түйе 0,4%-ға өсіп отыр. Күні бүгінге асыл тұқымды мал асырайтын 173 шаруашылықта 31 776 мүйізді ірі қара малы, 20 шаруашылықта 18 013 қой, 12 шаруашылықта 7 016 жылқы бар. Аудан шаруашылықтары биыл 1,4 млрд теңге субсидияға қол жеткізді.

2025 жылы көктемгі далалық жұмыстар 4 852 гектар (2024ж. 3576 га) алқапта жүргізілсе, соның 747 гектарына (2024 ж. 646 га) картоп, көкөніс және бау-бақша дақылдары, 3 595 гектарға (2024 ж. 2430 га) мал азықтық дақылдар (бір жылдық шөптер – 2 890 га (2024ж. 2340 га), сүрлемдік жүгері – 95 га (2024 ж. 90 га), көп жылдық шөптер – 610 га) және 510 га (2024 ж. 500 га) алқапқа дәнді дақылдар егілді.

Кейінгі үш жылда ауданның ауыл шаруашылық құрылымдары жалпы құны 800 млн.. теңгеге жуық 15 жаңбырлатқыш қондырғы орнатып, 1 433 гектар егістікті суарды. Оған қоса 894 га егістікті суару үшін құны 550 млн. теңгеге 9 жаңбырлатқыш қондырғы орнатылып жатыр. Келесі жылы көктемде бұл құрылғылар іске қосылады.

2025 жылы қыстап шығатын мал басына қажет 359,2 мың тонна мал азығы қорының 364,2 мың тоннасы дайындалып, жоспар асыра орындалды. Бұл бағытта жұмыс жалғасуда.

Биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 22 тұрғынға 234 млн. теңге несие қаражаты берілді. Соның ішінде мал шаруашылығына (сүтті мал сатып алуға) 10 несие, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 4 несие, өсімдік шаруашылығына 2 несие, биогаз өндіру және ара шаруашылығына 1 несие берілді. Күні бүгінге сүтті бағыттағы 84 ірі қара малы (75-і – тауарлы, 9-ы – асыл тұқымды), тамшылатып суаруға арналған 2 құрылғы және 5 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

«Кәусар» жеке кәсіпкерлігі Есенсай ауылдық округі аумағынан ара шаруашылығын дамыту бағытында 11 ара ұясы мен 25 000 бал арасын сатып алды. Соның нәтижесінде 400 келіден жоғары сапалы бал өндіріп, жергілікті халыққа тиімді бағамен сатылуда.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында жердің стратегиялық ресурс екенін ерекше атап өтіп, бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерін қайта игеруді тапсырды. Осыған орай биыл аудан бойынша пайдаланылмай жатқан 10 774 гектарды құрайтын 11 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Ауыл шаруашылығы жерін пайдалануға енгізу мақсатында



қоса Алғабас (21,4 шақырым), Көнекеткен (11 шақырым), Ілбішін (11,5 шақырым) және Базартөбе (20,3 шақырым) ауылдарындағы электр желілерін қайта жаңарту бойынша ЖСҚ дайын.

Қазіргі таңда Первомай қосалқы стансасын ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді. Енді Жанама қосалқы стансасы жөнделуде.

– Мұрат Амангелдіұлы, жол экономиканың күретаымыры екені аян. Бұл бағытта атқарылып жатқан жобалар жөнінде баяндасаңыз?

– Тұрғындар көтеретін ең өзекті мәселелердің бірі – жол құрылысының сапасын жақсарту

18 929 гектар 29 жер учаскесіне конкурс өткізу жоспарланып, оның 15 жер учаскесі (10 064 гектар) жер пайдаланушыларға табысталды. Биылғы қараша-желтоқсан айларында көлемі 8 865 гектар болатын 14 жер учаскесіне конкурс өткізу құжаттары дайындалуда (Алмалы, Базаршолан, Бударин, Базартөбе, Тайпақ, Жамбыл, Қарауылтөбе, Сарытоғай ауылдық округтері).

– Әлеуметтік сала мемлекет назарында екені анық. Бұл бағытта атқарылып жатқан шараларға тоқталсаңыз?

– Ең басты мақсатымыз – тұрғындарды жұмыспен қамту. Мемлекет басшысының Жарлығымен «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланды. Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу бағытында ауданымызда жыл бойы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Нақты деректерді бөлісейін, аудан бойынша жұмыспен қамту бағытында 1649 адамға жәрдемдестік. 1010 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Әлеуметтік жұмыс орындарына 68, ақылы қоғамдық жұмысқа 323, алғашқы жұмыс орындарына 22, ұрпақтар келісімшарты бойынша 2 адам, «Жастар тәжірибесі» жобасы бойынша 108 жас маман, «Күміс жас» жобасы аясында 40, қысқа мерзімді курстарға 35 адам тартылды. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 41 адамға мемлекеттік грант берілді.

Еліміздегі мемлекеттік саясат негіздерінің бірі – азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету. Аудан бойынша үй кезегіне әртүрлі санаттағы 754 тұрғын тіркелген. Тұрғындарды үймен қамту мақсатында 2024 жылы 111 пәтер табысталып, пайдалануға берілсе, биыл 29 елді мекенде 76 пәтер сатып алу жоспарлануда. Қазіргі таңда соның 62 пәтері алынды, 14 пәтерді сатып алу рәсімдері жүргізілуде.

– Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту құрғақ уәде күйінде қалмауы тиіс. Мұны Мемлекет басшысы да талап етіп отыр. Өңірде таза ауыз су мәселесі өзекті екені мәлім.

– Ауылдарды таза ауыз сумен қамту – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда ауданның барлық елді мекені сапалы ауыз сумен толықтай қамтылды. 45 елді мекеннің 38-інде су құбыр арқылы жеткізілсе, жеті елді мекенде (Тасоба, Жолап, Қарағай, Коловертное, Бітік, Тоған және Үштөбе ауылдары) кешенді блок-модуль

орнатылды. 2025 жылы Тоған ауылында кешенді блок модуль іске қосылды. Бұл салада өзекті мәселелердің бірі – Чапаев ауылын сапалы ауыз сумен қамту. Осы ауылдың су құбырын қайта жаңарту жұмысын мердігер кешеуілдетіп отыр. Бүгінде құрылыс жұмысының 90%-ы аяқталды. Жобаны жыл соңына дейін толық аяқтау жоспарланып отыр.

Су құбыры іске қосылғанына 20 жылдан асқан елді мекендерде су мұнаралары мен құбыр желілерінің тозығы жетіп, ұңғымалардың өнімділігі төмендеп отыр. Бұл жағдай тұрғындарды ауыз сумен тұрақты әрі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етуге кедергі келтіруде. Осы орайда елді мекендердегі құбырларды жаңарту үшін жобалар жасақталуда (Қарауылтөбе, Тайпақ, Алғабас, Алмалы, Ілбішін, Бударин, Есенсай, Жаңабұлақ).

Бүгіндері Қарауылтөбе ауылының су құбырын қайта құру бойынша жобалық-сметалық құжаттама жасақталып, сараптамадан өткізуге дайындалуда. Сонымен қатар Тайпақ ауылындағы су құбырының реконструкциясын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасақталуда.

Кейінгі жылдары жер асты су көздерінің тұздануы тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге кері әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, ауданымыздың Жамбыл және Үштөбе елді мекендерінде бұл мәселе өте өзекті. Енді қандай қам-қарекет жасап жатқанымызды айта кетейін, қазіргі таңда Үштөбе ауылына су құбырын тарту үшін жобалық-сметалық құжаттама жасақталуда. Жоба бойынша су құбырының құрылысы Жамбыл ауылында да жүзеге асырылады.

Елді мекендерді газдандыру – ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Аудан бойынша елді мекендерге табиғи газ құбырлары толығымен тартылды.

– Электр желілері де әбден тозғаны белгілі ғой...

– Иә, бұл мәселе де күрделі екені рас. Аудандағы электр желілерінің ұзындығы – 2 312 шақырым, оның 80%-ының тозығы жеткен. 2024 жылы 831 электр бағанасы ауыстырылып, 28 трансформатор жөнделсе, 73 шақырым электр сымдары жаңартылды. Биылғы 9 ай ішінде 20 шақырым электр желісі ауыстырылса, 352 электр бағанасы жаңаланды. Қазіргі кезде Жамбыл ауылдық округіндегі тоқ сымдарын жаңарту жұмысы жалғасуда. Оған

«Ақжайық ауданында 25



және жол қатынасын реттеу.

Аудандық маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығы – 278,1 шақырым, асфальтпен қамтылуы 23,9%-ға жетсе (63,9 шақырым), ауылшілік жолдардың (217,8 шақырым) 15,1%-ына асфальт төселген (32,8 шақырым).

Ақжайықтағы 45 елді мекеннің 12-сінде (26,6%) ғана кіреберіс жол асфальтталған, оның барлығы дерлік Орал – Атырау тасжолының бойында орналасқан ауылдар (Алғабас, Бударин, Жаңабұлақ, Жайық, Ілбішін, Тайпақ, Чапаев, Алмалы, Ақсуат, Шабдаржап, Қабыршақты, Мерген).

Жайықтың сол жақ жағалауында тұратын халықты сапалы жолмен қамтамасыз ету – күрмеулі түйткілдің бірі. Бүгіндері Көнекеткен (2,0 шақырым), Есенсай (2,3 шақырым), Ж.Молдағалиев ауылдарының кіреберіс жолын күрделі жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттамалар сараптамадан өтіп, салалық басқармаға бюджеттік өтінім жолданды. Оған қоса, Кеңсуат ауылының екі шақырым кіреберіс жолын жөндеу үшін ЖСҚ жасақталуда.

Биыл Мерген ауылының кіреберіс жолын орташа жөндеу жұмысы аяқталды. Атамекен ауылының кіреберіс жолын күрделі жөндеу жобасына түзету енгізілсе, Жаңажол (18 шақырым) мен Қамыстыкөл (1 шақырым) ауылдарының кіреберіс жолдарына қиыршықтас төселуде.

Ауылшілік жолдардың сапасын жақсарту – алдымызда тұрған өзекті мәселелердің бірі. Осы жылы Бударин ауылындағы ұзындығы 1,8 шақырымды құрайтын үш көше жолын (Қазақстан, Астана, Молдағалиев) қайта жаңғырту және Чапаев ауылындағы ұзындығы 1,8 шақырым болатын екі көше (Тлеулин, Болашақ көшелері) жолының құрылыс жұмысы аяқталды. Сонымен қатар Чапаев ауылының алты көшесіне қиыршықтас төселіп жатыр.

2024 жылы күрделі жөндеу басталған Тайпақ ауылындағы бес көшеге (Махамбет, Д. Нұрпейісова, Х. Чурин, Жамбыл, Т. Жұмалиев көшелері) қиыршықтас және құмды гравий қоспа толық төселіп, үш шақырым бөлігінің 500 метріне асфальт жабыны төселді (қалғаны – 2,5 шақырым). Аталған жоба бойынша мердігердің құрылыс жұмысын талапқа сай жүргізуіне байланысты сотқа талап-арыз жолданды. Сот шешіміне сәйкес мердігер мекеме жұмыстарды уақтылы аяқтауды міндеттеу туралы талап-арыз қанағаттандырылды. Қазіргі таңда мердігермен келісімшарт бұзылды. Құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жоба сметасы

түзетілуде.

Жалпы ұзындығы 22,5 шақырымды құрайтын Чапаев, Тайпақ, Алмалы және Қабыршақты ауылдарындағы 42 көшенің жолдарын күрделі жөндеу және қайта жаңғырту үшін облыстық басқармаларға бюджеттік өтінім жолданды. Бұл жобалар қаражат бөлінуіне қарай кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде былтырдан бастап «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Аудан көлемінде акция аясында тазалық айлықтары ұйымдастырылып, шараға 10 457 адам және 199 бірлік техника қатысып, 346 тонна күл-қоқыс арнайы полигондарға шығарылды. Ауданда көгалдандыру жұмыстары нәтижесінде елді мекендерде 27 708 ағаш-көшет отырғызылды, оның 470 данасы – жеміс ағаштары (өрік, шие).

– Ақжайықта біраз әлеуметтік нысан салынып жатыр. Жоба-жоспар ойдағыдай жүзеге асып жатыр ма?

– Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау мақсатында Базаршолан ауылындағы Ғабдолла Махамбетов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілуде. Үштөбе ауылында көп жылдан бері тұрғындар асыға күткен жаңа модульдік мектеп ғимаратының құрылысы басталды. Осы нысан 2026 жылы халық игілігіне беріледі. Ал Тайпақ ауылындағы Құрман Байсықов атындағы мектепті, Қарауылтөбе және Жаңабұлақ ауылдарындағы мектептерді күрделі жөндеуден өткізу алдағы жылдардың еншісінде.

2026-2030 жылдары үш мектеп-бөбекжай кешені (Жұбан ауылындағы Талап, Қабыршақты ауылындағы Бітік және Бударин ауылындағы мектеп-бөбекжай



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА»



кешендері), бір балабақша (Тайпақ ауылындағы «Айгөлек» балабақшасы), бір мектеп-гимназия (Тайпақ мектеп-гимназиясы), алты жалпы орта білім беретін мектеп (Ілбішін, Жамбыл, Жанама, Мерген, Ақсуат және Чапаев ауылындағы ЖОББМ) ғимараттарын күрделі жөндеу жоспарда тұр.

Бес елді мекенде (Жаңажол, Томпак, Қабыл, Мойылды және Сарман) алдағы жылдары шағын жинақты мектептер салынады.

Ауданда 44 аурухана бар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауыл медицинасын дамытуға, шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы жүзеге асуда. Жоба ауқымында Базартөбе, Ақсуат, Ақбұлақ, Битілеу, Сайқұдық, Көнеккеткен, Жаңабұлақ, Алмалы және Базаршолан ауылдарында тоғыз жаңа медициналық нысан бой көтеріп, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде.

Мәдениет және спорт мекемелерінің жұмысын жандандыру және инфрақұрылымын дамыту да басты назарда. Қазан айында Көнеккеткен ауылында 100 орындық мәдениет үйі пайдалануға берілсе, Қабыршақты ауылында дәл осындай жаңа нысан салынуда.

Аудан орталығына 300 орындық мәдениет үйін, Ақсуат ауылына модульдік типтегі мәдени спорт кешенін, 200 000 құжатты сақтауға арналған архив ғимаратын салу және Алмалы ауылындағы мәдениет үйін қайта жаңарту бойынша тиісті жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар Үштөбе, Шабдаржап және Томпак ауылдарынан модульді типтегі мәдениет үйінің (кітапханамен бірге) жаңа ғимаратын салу жоспарланды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының бастамасымен Чапаев

және Тайпақ ауылдарының кітапханалары модернизациядан өтті.

2025 жылы Жайықтың сол жақ жағалауында тұратын тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында Есенсай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтерді. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржыландырумен Алғабас және Қарауылтөбе ауылдарында ангар үлгісіндегі типтік спорт кешендерінің құрылысы басталды.

Ауыл – елдің алтын діңгегі. Оның өркендеуі – ел ішіндегі ынтымақ пен елжандылықтың нақты көрінісі. Жергілікті жұртшылықтың ұйымшылдығы мен елге жанашыр азаматтардың қолдауымен аудан аумағында 10 жоба жүзеге асты. Жобалардың құны – 43 млн. 886 мың теңге. Айта кетсек, екі балалар ойын алаңы (Тайпақ, Қарауылтөбе), екі жазғы сахна бой көтерсе (Ақсуат, Тайпақ), үш ауылдың кіреберіс жолына арка (Жаңажол, Алмалы және Ілбішін) және әр түрлі композициялар орнатылды. Сонымен қатар Алмалы ауылының кіреберіс жолы жарықтандырылып, Ілбішін ауылындағы майдангерлер ескерткіші және Бударин ауылындағы спорт алаңы қайта қалыпқа келтірілді.

– Сіз басқаратын аудан аумағында биыл қандай ірі жоба-жоспар жүзеге аспақ?

– Ауданымызда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданып, үнемі кәсіпкерлерге қолдау көрсету үшін арнайы топ жұмыс істеуде. Жұмыс тобының сүйемелдеуімен 2025 жылы аудан бойынша жалпы құны 2,5 млрд теңгені құрайтын 25 жоба жүзеге асуда (119 адам жұмыспен қамтылады). Оның ішінде жеті инвестициялық жоба жүзеге асты (32 жұмыс орны ашылды).

Олар:

- Тайпақ ауылында «АЙТУ-

АЙ»кооперативінің (құны 30 млн. теңге) қой жүнінен өнімдер жасау цехы;

- Чапаев ауылында 20 млн. теңгеге «Құрылыс маркет» дүкені;

- Алғабас ауылдық округінде «Сәбит» ШҚ 215,9 млн. теңгеге жаңбырлатып суару құрылғысын орнатты;

- Есенсай ауылында 274 млн. теңгеге дене шынықтыру және сауықтыру кешені пайдалануға берілді;

- Чапаев ауылында 80 млн. теңгеге «Самға» мектепалды даярлық орталығы ашылды;

- Бударин ауылдық округіне қарасты Коловертное елді мекенінде 30 млн. теңгеге «Аңсар» ЖК профнастил және арболиттік блок өндіретін цех іске қосылды;

- «Рахитшев» ЖК 100 млн. теңгеге сауда орнын салды.

Жыл соңына дейін 42 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін 10 жобаны іске асыру жоспарлануда.

– Облыс әкімінің өзі ұйытқы болған «Қаладан – ауылға» бағдарламасы Ақжайық ауданында қалай жүзеге асуда?

– Өңір басшысының бастамасымен «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы іске асып жатыр. 2024 жылы мектептерде оқушы саны азайған Ақбұлақ, Тінәлі, Битілеу және Сайқұдық ауылдарын осы жобаға енгіздік. Соның нәтижесінде жалпы ауданға құрамында 32 адамы бар бес отбасы көшіп келсе, соның 20-сы – мектеп жасындағы балалар. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында аудан бюджетінің қаражатымен Битілеу ауылынан екі пәтерлік тұрғын үй салынса, Тінәлі ауылында екі үй сатып алынды.

Анықтама үшін: Сайқұдық ауылына 1 отбасы (бала саны – 3, оқушы саны – 2), Битілеу ауылына 2 отбасы (бала саны – 10, оқушы саны – 7) және Тінәлі ауылына 2 отбасы (бала саны – 9, оқушы саны – 5) қоныс аударды. Биыл 14 елді мекен аталған жобаға енгізіліп, қазіргі таңда 5 елді мекенге 7 отбасы қоныс аударды, соның 18-і – мектеп жасындағы балалар.

Анықтама үшін: Сайқұдық ауылына 1 отбасы (бала саны – 4, оқушы саны – 3), Тінәлі ауылына 1 отбасы (бала саны – 6, оқушы саны – 4), Битілеу ауылына 1 отбасы (бала саны – 5, мектеп оқушы саны – 3), Тоған ауылына 2 отбасы (бала саны – 4, оқушы саны – 2), Ақбұлақ ауылына 2 отбасы (бала саны – 9, оқушы саны – 6).

Бағдарлама аясында Сайқұдық ауылында 3 пәтерлі 1 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

– Ауданға қандай салалар бойынша қанша маман жетіспейді? Келген мамандарға жағдай жасап жатырсыздар ма?

– Білікті медицина мамандары өте тапшы. Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы жоғары оқу орындарының басшылықтарымен келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде 2025 жылы төрт дәрігер жұмысқа орналасты (жалпы тәжірибе дәрігері, реаниматолог-анестезиолог, инфекционист, фтизиатр дәрігері). Соның өзінде қосымша 11 маман қажет (2 акушер-гинеколог, 2 хирург, 2 ЖТД, кардиолог, реабилитолог, эндокринолог, онколог, лор). Медициналық кадрларды баспанамен қамту мақсатында Чапаев және Тайпақ ауылдарында 10 қызметтік пәтердің құрылысы басталды. Соның күні бүгінге алтауының құрылысы аяқталды, төрт пәтердің құрылысы қараша айында тәмамдалады.

– Аудандағы діни ахуал жөнінде не айтар едіңіз?

– Ақжайықта діни жағдай жалпы алғанда тұрақты. Қазіргі уақытта 18 ауылдық округтің 10-ында мешіттер ашық. Ал Чапаев ауылдық округі аумағында бір шіркеу орналасқан. Ауданда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты жеті діни бірлестік пен олардың ғибадат үйлері ашық. Өз қызметін жүзеге асырып отыр. Барлық діни ұйым «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының талаптарына сәйкес қызмет атқарауда.

Дін саласындағы мәселелер бойынша тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы тұрақты түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы шаралар облыстық дін істері басқармасы, ішкі саясат бөлімі, «Ақиқат» қоғамдық бірлестігі және теолог-мамандардың қатысуымен жүзеге асуда.

Әрине, деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру, ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттау, діни сауатты арттыру бағыттарында ақпараттық жұмыс белсенді түрде жалғасуда. Аудан тұрғындарының басым бөлігі дәстүрлі ислам құндылықтарын ұстанады, өзара сыйластық пен бейбіт өмір қағидаттарын берік ұстанып келеді.

– Біздің өңірдің оңтүстік аудандарында киіктің күрт

көбеюі жайылымдық және шабындық жерлерге зор зиян-залалын тигізуде. Киік санын реттеу сөз бола қалса, осы іске тартылатын мекеме-кәсіпорынның бірі ретінде Ақжайық ауданының аумағындағы «БатысМарқаламб» кәсіпорны тілге тиек болады. Осы мәселе бойынша не айтар едіңіз?

– Өңірдің оңтүстік аудандарында, соның ішінде біздің ауданда кейінгі жылдары киік популяциясы күрт көбейді. Бұл жағдай, өз кезегінде, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жайылымдық және шабындық жерлерге елеулі зиян келтіру қаупін тудырып отыр. Қазіргі таңда киік топтары негізінен Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан Алғабас, Бударин, Жаңабұлақ, Чапаев, Мерген, Ақжол, Ақсуат, Алмалы және Тайпақ ауылдық округтерінің аумақтарында жиі кездеседі. Әр округ бойынша киік саны тұрақсыз және болжамды есеп бойынша 50 бастан 30 000 басқа дейін ауытқып отырады.

2025 жылдың 11 мамырында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Данияр Тұрғамбаев бастаған сала мамандары іссапармен келіп, облыс аумағындағы шаруашылықтардың егістік алқаптарын киіктерден қорғауға дайындық барысын тексерді. Тексеру барысында аудан аумағындағы ахуал мен киік қозғалысының бағыт-бағдары зерделеніп, алдын алу шаралары талқыланды.

Киіктердің егістік алқаптарына енуіне жол бермеу мақсатында мобильді топтардың кезекшілік кестесі жасақталып, бекітілді. Аталған кезекшілікке «ПО Охотзоопром» РМҚК инспекторлары, жергілікті атқарушы құрылымдар өкілдері, аудандық орман шаруашылығы мекемесінің қызметкерлері тартылды. Бес мобильді топ аудан аумағында тәулік бойы кезекшілік атқарды. Соның нәтижесінде ағымдағы маусымда егістік алқаптарына киіктердің таптау фактілері тіркелген жоқ.

«БатысМарқаламб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2018 жылдан бері өз қызметін тоқтатып, өндірістік немесе шаруашылық жұмыстарын жүргізбейді. Киік популяциясын реттеуге аталған кәсіпорын қатысқан жоқ.

**Нұртай ТЕКЕБАЙ,
«Орал өңірі»**

Қара жол... Қас қағым сәт. Бір-біріне қарсы жүйткіген қос көлік... Көлік толы жолаушы... Орны толмас ауыр қасірет...

Осы аптада «Чапаев-Жаңақала-Сайқын» жолында жан түршігерлік апаттың орын алғанынан көпшілік хабардар. Айдың күні аманында, тапа тал түсте қос көлік бір-біріне соқтығысып, 8 адам ажал құшты. Қара жолдың бойы қанға бөкті. Жанып жатқан көліктің қаңқасы түсірілген видеоны желіден көрмеген адам аз шығар. Көер жарығы бар екен, аман қалған 4 адамның өмірі «дейін» мен «кейінге» қақ жарылғаны шүбәсіз. Өкініштісі сол, бұл қаралы оқиғаның алғашқысы емес, тіпті соңы да емес екені анық.

Осыншама адам құрбан болған апатқа не себеп болды? Облыстық полиция департаментінің ресми мәлімдемесінде ауа райы және жол жабындысының жағдайы қанағаттанарлық болғанын, көрініс жақсы, қозғалысқа сыртқы кедергілер болмағанын хабарлайды. Демек, бұған себеп әдеттегідей біреу-ақ – жолдағы асығыстық, бейқамдық пен жауапкершіліктің болмауы. «Асыққан – шайтанның ісі» деп халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

АРАСЫНА АПТА САЛМАЙ АПАТ ОРЫН АЛУДА

Анық болғандай, қос көліктің жүргізушісі де облыс орталығы мен Жаңақала ауылының ортасында жолаушы тасымалдаған екен. Полиция өкілдерінің алдын ала берген болжамы бойынша жүргізушілердің біреуі қарсы бетке шығып кеткен. «Апатқа ұшырайын» деп шықпағаны белгілі ғой. Сондағы ұтқысы келгені не? Уақыт па ұтайын дегені?... Өмірі сол сәтте жол үстінде қиылған қос таксист, көлікке отырған жолаушылар үшін уақыт тоқтап қалды.

Ал аман қалғандардың жай-күйі қалай? Олар бірден біздің ауданның орталығындағы ауруханаға жеткізілген екен. Аудандық аурухананың директоры Анарбек Белисановқа апатқа ұшырағандардың қал-жағдайын білейік деп хабарластық.

– Жол апатынан кейін бізге бірден 3 адамды жеткізді. Үшеуі де бір отбасынан. Отағасының жағдайы орташа болды. Миы шайқалған. Ал оның әйелінің қалы ауырлау еді. Іште жабық жарақат болып, талағы жарылған. Оған біздің хирургтар дереу ота жасап, талағын алып тастап, өмірін аман сақтап қалды. Екеуінің қолында кішкентай нәресте бар. Ол және соңынан медициналық көмекке жүгінген 14 жасар жасөспірімге арнайы облыс орталығынан санавиация ұшағын алдырттық. Қазір олар Орал қаласында дәрігерлердің бақылауында, – деп ақпарат берді Анарбек Бейбітұлы.

– Біздің аудан тоғыз жолдың торабында орналасқан. Республикалық, облыстық маңызы бар бірнеше күре жол аудан аумағынан өтеді. Көлік

Қара жолда тағы да қасірет



БҚО-да жантүршігерлік жол апаты болып, 8 адам қаза тапты: Кеше - жаңалықтар Tengrinews.kz

Батыс Қазақстан облысында жантүршігерлік жол апатынан сегіз адам қаза тапты, барлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Батыс Қазақстан облысында жантүршігерлік жол апатынан сегіз адам қаза тапты, барлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Тағы да қайғылы жағдай: апатынан 8 адам қаза тапты - «АқЖайық» сайты

Батыс Қазақстан облысында 8 көлік оқиғасы салдарынан сегіз жұлмы, деп хабарлайды Ma!

БҚО-да жол-көлік көз жұмды — новс Жайық

Батыс Қазақстан облысында 8 адам қаза тапты...

Батыс Қазақстанда жол апатынан 8 адам көз жұмды - 17.11.2025, Sputnik

Батыс Қазақстанда жол апатынан 8 адам көз жұмды - 17.11.2025, Sputnik

жүргізушілерге айтарым, жолда өте сақ болу керек. Жылдамдықты асырып, диттеген жерге тезірек жетем деп, аптығудың, асығудың қажеті жоқ. Соның салдарынан апат көбеймесе, азайып тұрған жоқ. Соңғы уақытта жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендер ай емес, апта құрғатпай түсіп жатыр. Дәрігерлер бар қолынан келгенін жасап, мұндай жағдайда адам өмірін аман алып қалуға жанын салады. Десе де, сақтық мен абайлық бірінші орынға қойылса, осындай көптеген апаттың алдын алуға болады ғой, – деп қосты өз ойын бас дәрігер.

ЖОЛАУШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Бұл сұмдық апатқа не себеп болды – оны құзырлы органдар анықтай жатар. Ал біз өз тарапымыздан осындай жан түршігерлік оқиғаның қайталанбауына бар күшімізді салуымыз керек. Ең алдымен мұндай қайғылы жайт облыс орталығына жолаушы тасымалдайтын такси жүргізушілеріне сабақ болуы керек. Селт еткізуі керек. «Мен мұндай жағдайға тап болмаймын» деген қаннен-қаперсіздіктен арылту қажет. Мақаланы жазар алдында бірнеше адамнан сұхбат алып, анонимді сауалнама өткізген болатынбыз. Респонденттердің басым бөлігі – қарапайым жолаушылар. Сұрақ біреу-ақ – «Жолда апаттың орын

алуына басты себеп қандай?». Жауаптары келтіре кетейік.

Айгүл Ш:

«Облыс орталығына жұмыс бабымен көп қатынайтындардың бірімін. Неше түрлі таксистерге тап боламын. Бәріне бірдей күйе жағуға болмайды. Әсіресе үлкен кісілер рөлге отырғанда, жауапкершіліктің жоғары болу керек екенін түсінеді. Телефонын сапар аяқталғанша үнсіз режимге қойып, жылдамдықты асырмайды. Ал жолаушы тасымалымен айналысатын жастардың көбінде мұндай мәдениеттілік, тәртіп жоқ. Қой тиеп келе жатқандай, сірә бір. Көлігінде адам отырғанымен шаруасы жоқ, музыканы бақыртып, жол бойы телефонмен сөйлесіп, ватсабын сәт сайын тексеріп, әлек. Жол емес оның алаңы. Телефонында не болып жатыр, кім не жазып жатыр – сол оның ойы. Арасында аузынан шыққан сөзіне есеп бермейтіндері де бар. Алдына басқа көлік шығып кетсе, дөрекіленіп кетеді.

Жолда таныс әріптесі кездесе қалса, қалаға жеткенше, жарысады келіп. Жол ойыншық емес қой. Не жарысу бұл?!

Бірде жас таксистпен жетіп қалдық қалаға. Кешқұрым уақыт екен. Көліктің алдына отырғасын танысымен әңгімесін құлағым шалды. Сөйтсек, бұл оның бүгіндікке қала мен екі ортаға шыққан үшінші сапары екен. Кері кісі жинап қайтқысы да келеді. Ұсқынынан көрініп тұр, шаршаңқы. Жан қымбат қой, сапар бойы «Жылдамдықты асырма» деп ескертумен болдым. Абырой болғанда, тыңдай қойды. Адам темір емес қой, шаршайтын уақыты болады. «Аяз, күшінді біл, құмырсқа әліңді біл» деген. Артық ақша табамын деп құнықпай, өзінің шама-шарқына қарау керек екенін ұмытпау керек. Адам тиіп келе жатсын ғой. Жол үстінде бірдеңе бола қалса, кім жауап береді? Апат

бола қалса, жолаушылардың обалы кімге? Осыны ойлап, ең бірінші орынға таксистер жауапкершілікті қоюы тиіс.

Марат Ә., көлік жүргізуші:

Жолаушы тасымалымен осыдан бірнеше жыл бұрын айналысқам. Жүргізуші ретінде айтарым, жол жүру ережесін сақтап, қауіпсіздікті қамдасаң, талай апаттың алдын алуға болады. Асықпау керек. Бірақ жолдың үстінде жүргізуші қанша жерден тәртіпті, мәдениетті, жауапты, шебер болсын, оның біріне де қарамайтын себеп бар – бағымсыз мал. Өз тәжірибемнен айтып отырмаймын. Әлбетте, елді мекендердің қасына келгенде, жылдамдықты төмендетіп өтуге тырысамыз. Бірақ малдың аты мал ғой. Ол көлікке қарамайды. Жолдың жанында тұрған сиыр не жылқының әбден тақалып қалғанда, көлікке қарсы шаппасына кім кепіл? Қазір тек елді мекендердегі тұрғындардың емес, шаруа қожалықтарының да малы жолға жақын жайылады. Бұл – үлкен қауіп. Сондықтан жергілікті әкімдік бағымсыз жүрген мал иелеріне жауапкершілікті күшейту керек деп ойлаймын.

Асылжан Ғ: Адамның айланына құрық қашан бойлаған? Жоғары жылдамдықпен ызғытатын такси жүргізушілері штрафқа ілікпеу үшін қазір рациямен қаруланып алған. Көлігіне орнатқан бұл құрылғы арқылы жолдағы өзге жүргізушілермен хабарласып, қай жерде МАИ жүргенінен ақпарат алып отырады. «Жол таза» десе болды, 140-160-тан түсірмейді. «Ана жерде «атып жатыр» деп хабарласа, лезде жылдамдығын түсіре қояды. Осыны бір тексеру керек қой салаға жауапты мекемелер. Алдыртып тастасын рацияны. Сосын жолдағы МАИ патрульдерін көбейту керек. Сонда тәртіпке бағынуға тура келеді тасымалдаушыларға. Тасымалмен заңсыз айналысатындар да бар. «Жабайы» кәсіпке айналды таксидің маңы. Еріккен деп айта алмаймын, бәрі де

отбасын асырау керек. Бірақ жолаушы тасымалында тәртіпті қатаңдатпаса, болмайды. Жанармайы арзанға шығу үшін таксистердің көбі көлігіне газ құрылғысын орнатып алған. Солардың бәрі заңды орнатылған ба? Өрт бола қалса, сөндіретін құралдары бар ма? Қайдам, басым бөлігі бұған бас ауыртпайды да. Тексеру керек осының бәрін.

ТАКСИ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАЖЕТ?

Жолаушы тасымалы – шынтуайтына келгенде, адам өмірімен тікелей байланысты жауапты сала. Сондықтан бұл салада тәртіпті күшейту тек полицияның емес, жергілікті атқарушы органдардың да, жалпы қоғамның да ортақ міндеті болуы тиіс. Ал ол үшін не істелу керек? Қандай әрекеттер тиімді болмақ?

Заңсыз тасымалды реттейтін уақыт әлдеқашан болды. «Жол жүрісі туралы» заң мен ҚР Көлік туралы ережесінде жолаушыларды тасымалдаумен айналысатын жеке тұлғалардың міндеттері нақты көрсетілген. Әрбір жүргізушінің тасымалдау қызметін көрсету үшін рұқсат құжаты, техникалық байқаудан уақтылы өткен көлігі, алғашқы көмек қобдишасы, өрт сөндіретін құрылғылары болуы шарт. Осы талаптарды такси жүргізушілерінің қатаң сақтауын талап ету керек.

Жылдамдықты бақылауды күшейткен абзал. Маңызды жолдар бойында патруль санын арттырудың жол қауіпсіздігіне оң әсер ететіні сөзсіз. Рейдтік тексерістер жиілесе, жауапсыздық азаяды.

Апаттардың едәуір бөлігінің малдың қатысуымен болып отырғаны жасырын емес. Осыған орай ауылдық округ әкімдері мал иелеріне қатысты жауапкершілікті күшейтіп, айыппұл салудан тартынбауы керек.

Жүргізушілердің басын қосып, жол қауіпсіздігін сақтауды мығым қаперлеп, түсіндіру жұмысын жүргізген артық етпейді деп ойлаймыз. Осындай жиында полиция, дәрігер, психолог, төтенше жағдай мамандары қатысып, жолдағы тәртіп пен жауапкершілік туралы нақты мысалдармен баяндап берсе, нәтиже шығып қалуы ғажап емес.

Ортақ мәселеде қоғам да үнсіз қалмауы керек. Таксиге отырып жатсын ба – жүргізушіден қауіпсіздік талаптарын сақтауын талап ет. Жылдамдықты асырмасын, ештеңеге алаңдамасын. Бұл – жолаушы ретінде сенің құқығың. Егер жүргізуші жылдамдықты асырса, телефонмен сөйлессе, дереу ескерту жаса, қажет жағдайда полицияға хабарлас. Қысылма, сенің амандығың саған және отбасыңа керек.

Көріп отырғанымыздай, апаттың алдын алудың жолы көп. Бірақ олардың бәрі ең алдымен жүргізушінің жауапкершілігіне, ар-ұжданына келіп тіреледі. Сондықтан жолаушы тасымалдауға шыққан әр таксист «Менің көлігімде біреудің баласы, біреудің анасы, біреудің жалғыз асыраушысы отыр. Олардың амандығы – маған аманат. Аманатқа қиянат жоқ» деп рөлге отырса екен...

Әсел САҒЫН

Спортшыға разряд не үшін беріледі?

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі спортшылардың кәсіби деңгейін анықтауда маңызды рөл атқарады. Бұл қызметтердің негізгі бағыттарының бірі – спорттық разрядтарды беру. Спорттық разрядтар спортшылардың физикалық және техникалық дайындық деңгейін бағалаудың стандартты жүйесін ұсынады. Қазақстанда спорттық разрядтарды мемлекеттік деңгейде беру ережелері мен процедуралары арнайы нормативтік құжаттармен реттеледі.

Спорттық разрядтардың маңызы қандай? Спорттық разряд – спортшының жетістіктерін және қабілеттерін көрсететін көрсеткіш. Ол спортшының кәсіби деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл разрядтар әртүрлі спорт түрлері бойынша беріледі және спортшыларға дайындық барысында жоғары деңгейдегі мақсаттар қоюға жол ашады.

Қазақстанда спортшыларға разряд беру тәртібі спорттық федерациялар мен ұлттық спорттық ұйымдардың стандарттары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл процесс жетістіктерге қол жеткізген спортшыларды ынталандырып, олардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған.

Спорттық разрядтар үш негізгі деңгейде беріледі. Жеңімпаздар разряды жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен спортшыларға, кандидаттар разряды әлі де толығымен жетілмеген, бірақ жақсы нәтиже көрсететін спортшыларға, шеберлер разряды спортшының жоғары кәсіби деңгейін дәлелдейді, үлкен жарыстарда жоғары орындарға ие болғандарға беріледі.

Спорттық разрядтарды берудің негізгі шарттары мен критерийлері белгіленген. Спортшы разряд алу үшін белгілі бір нормативтерді орындауы, сондай-ақ спорт түрі бойынша

жарыстарда жеңіске жетуі тиіс.

Спорттық разрядты алу үшін спортшы арнайы құжаттарды, соның ішінде спорттық біліктілігін растайтын, жарыстардағы көрсеткіштерді растайтын құжаттарды, спорттық жетістіктер туралы анықтамалар мен сертификаттарды ұсынуы тиіс.

Қазақстандағы спорттық разряд беру жүйесі – спортшылардың жетістіктерін бағалаудағы негізгі құралдардың бірі. Ол спортшыларға өздерінің кәсіби деңгейін анықтап, болашақта үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызмет көрсету арқылы разряд беру процесі әр спортшының дамуына, сондай-ақ еліміздің спорттық әлеуетін арттыруға зор үлес қосады.

Зүлфия ЖОЛДЫҒАЛИЕВА,
аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы

САҒЫНГЕРЕЙ АҚҚҰБАШҰЛЫ ҚҰБАШЕВ

Қадірлі жерлесіміз, ардақты азамат, тыл ардагері Сағынгерей Құбашев 96 жасына қараған шағында өмірден озды.

Ауданымыздың тірлік-тынысымен еңбек өнегесі біте қайнасқан Сағынгерей Аққұбашұлы – 1930 жылы 1 маусымда Ақжайық ауданы, Киров ауылында дүниеге келіп, бүкіл саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған абзал азамат. Қарағай бастауыш мектебінің төртінші сыныбын тәмамдаған соң, соғыс жылдарының ауыртпалығы кесе-көлденең тұрған шақта шаруашылық малын бағысып, шабындықта шөп шауып, ерте жастан еңбекке араласты.

1948 жылы Орал қаласындағы механизация мектебін бітіріп, «тракторист-комбайнер» мамандығын иеленді. Сол жылдан бастап Бударинде тракторист болып еңбек жолын бастады. 1952 жылы Оралдан бригадир мамандығын алып, 1953 жылы МТС-та бригадир болып қызмет етті.

1971 жылдан бастап 1 Май ұжымшарында басқарушы болып, 1986 жылға дейін ауыл шаруашылығының өркендеуіне зор үлес қосты. Кейін Алғабас ауылында механик болып еңбек етіп, 1990 жылы зейнеткерлікке шықты.

Сағынгерей Аққұбашұлы «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» медалі, «Ұлы Жеңістің 60, 65, 75» жылдық мерекелік медальдары, Ақжайық ауданының Құрмет грамотасы және облыстық, аудандық алғыс хаттардың иегері болды. Сонымен қатар Алғабас ауылдық округінің ақсақалдар кеңесінде 20 жылдай белсенді қызмет атқарып, елдің бірлігі мен берекесінің нығаюына еңбек сіңірді.

Отбасында ардақты әке, адал жар, шаңырақтың берекесін сақтаған көргенді жан болды. Жары Қымбат екеуі ұрпағынан өрген немере-шөберелердің қызығын көрді. Бүгінде ұрпағына үлгі болған асыл қарияның артында өнегелі жолы, елге деген елеулі еңбегі, ақсақалдық сөзі қалды.

Жарық дүниеден озған Сағынгерей Сағынгерей Аққұбашұлының жаны жұмақтың төрінен орын алсын. Отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Ақжайық ауданы әкімдігі, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі



Ақжайықтықтар жүлдені бермеді

«Ақжайық» спорт кешенінде облыстық аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметкерлері арасындағы спартакиада өтті. Жарысқа облыстың он екі ауданынан және Тайпақ аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командалары қатысты.

Ашылу салтанатына «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Артур Ермұқанов, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Гүлбану Құлмұқанова қатысып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарыста спортшылар футбол, асық ату, бес асық,

үстел теннисінен сынға түсті. Жалпыкомандалық есепте Ақжайық ауданы I орын, қазталовтықтар II орын, теректілік команда III орынға ие болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер диплом, медаль, кубоктармен марапатталды.

Нұрбек ИХСАН

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Жамбульского сельского округа Акжайкского района Западно-Казахстанской области» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту НДВ, ПУО, Программа ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды для полигона ТБО.

Место проведения: Западно-Казахстанская область, Акжаикский район, с. Жамбыл, улица Жағалау, 5 (в здание акимата).

Дата и время проведения: 24 декабря 2025 года в 12:00.

Подключиться к конференции

<https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hsckhxcGd6Q29WQkZFUGZwQT09&omn=89489640887>

Идентификатор конференции: 944 427 4054

Код доступа: L9RqKZ

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале ecportal.kz, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» e-mail: zko_forest@bko.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ГУ «Аппарат акима Жамбульского сельского округа Акжайкского района Западно-Казахстанской области» адрес: ЗКО, Акжаикский район, с. Жамбыл, улица Жағалау, 5. БИН 050240004563, тел. 8(71136)50551

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ГУ «Аппарат акима Жамбульского сельского округа Акжайкского района Западно-Казахстанской области» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zhadra_140992@inbox.ru. zko_forest@bko.gov.kz

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: ЗКО, Акжаикский район, с. Жамбыл, улица Жағалау, 5. По всем вопросам обращаться по телефонам: +77711515038

Географические координаты полигона.:

Широта: 50°22'43.5»N

Долгота: 48°47'43.5»E

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі ҚТҚ полигонына арналып жасалған ШНШ, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жамбыл а., Жағалау көшесі 5. (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 24 желтоқсан сағат 12:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу:

<https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hsckhxcGd6Q29WQkZFUGZwQT09&omn=89489640887>

Конференция идентификаторы: 944 427 4054

Кіру коды: L9RqKZ

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады ecportal.kz, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады e-mail: zko_forest@bko.gov.kz.

Бастамашы: «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жамбыл а., Жағалау көшесі 5. БСН 050240004563, тел. 8(71136)50551

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038.

Email: zhadra_140992@inbox.ru.

«Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: zhadra_140992@inbox.ru, zko_forest@bko.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жамбыл а., Жағалау көшесі 5 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +77711515038

Полигонның географиялық координатасы:

Ендік: 50°22'43.5»N

Белдік: 48°47'43.5»E

Меншік иесі:
«Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

«Жайық Пресс» ЖШС
Ақжайық аудандық
«Жайық таңы»
қоғамдық-саяси газетінің
редакторы
Әлия ШАРАПИЕВА

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитеті “Жайық
таңы” газетіне берген куәлік нөмірі 12258-Г,
берілген күні 19.01.2012 жыл.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі
редакцияның түпкілікті көзқарасы болып
есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді, оны қайтармайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090100, БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы,
Ихсанов көшесі, 18. Телефондар: Редактор: 92-3-24 (факс); тілшілер:
91-7-56. Біздің электронды поштамыз: E-mail: zhayiktany@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар
ақылы болып есептеледі.

Газет “Жайық Пресс”
медиахолдингіnde компьютерлік
әдіспен теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” ЖШС
баспаханасында басылды:
Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/6
Тапсырыс: 47
Көлемі 1 баспа табақ.
Газет аптасына 1 рет шығады.
Таралымы: 2385

Жуырда Франция астанасы Париж қаласында өткен дзюдодан ардагерлер арасындағы әлемдік турнирде ілбішіндік спорт ардагері Жасталап Шәпиев қола жүлдеге ие болды.

Париж төрінен олжамен оралған спортшы



Сонау Франциядан жеңіспен оралған спортшыны ілбішіндіктер ауылдың кіреберісінен зор салтанат-қошеметпен қарсы алып, құрмет көрсетті. Азаматқа осындай ілтипат көрсеткендердің қатарында Ақжол ауылдық округінің әкімі Бекболат Қаленов, спортшының үзеңгілес әріптестері, замандастары болды. Жерлестер Жасталап Сәлімұлына ат мінгізіп, ақжарма тілектерін ақтарды.

Париждің төрінде атойлатқан Ж.Сәлімұлы 1959 жылы 9 қарашада Теректі ауданы Шалқар ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Қаршы орта мектебін тәмамдап, 1978 жылы әскер қатарындағы борышын өтеп, кері ауылға оралған. Еңбек жолын Қаршы мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде бастаған ол кейін «Сахарный» мұнай жылыту станциясында оператор, ал 2002 жылдан бастап «КМС Security» ЖШС-де басшылық қызметтер атқарған. 2022 жылы аталған мекемеден зейнеткерлікке шыққан.

Спортты өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған Жасталап Шәпиев – дзюдо және самбодан аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Ол Ресейдің Павлово қаласында самбодан өткен халықаралық турнирде I орын, Өзбекстанның Бұхара қаласында өткен халықаралық жарыста II орын иеленді. Сондай-ақ 2025 жылдың тамыз айында Орал қаласында ардагерлер арасында дзюдодан өткен турнирде I орынды жеңіп алған.

Бүгінде спорт ардагері ауыл жастарына үлгі болып, осындағы дзюдо үйірмесіне жетекшілік етеді. Жеңіспен қуантқан ардагерге демеушілік көрсеткен азаматтар – «Нығмет» шаруа қожалығының жетекшісі Зайдөк Өтеғалиев, «Үміт» ШҚ жетекшісі Есей Кәлімтаев, «Құмар» ШҚ жетекшісі Тілеген Өтемісов, «Орынғали» ШҚ жетекшісі Иманмәлік Жұлқашев, «Сапарғали» ШҚ жетекшісі Нұрболат Жұбаев, және «Батыргерей» ШҚ жетекшісі Аманқұл Батыргереев.

Азамат ҚАНАПИЯ

АБЫРОЙ БИТІНДЕТІ ҚОС ҰСТАЗ

Мектебімізде есімі ерекше аталар екі ұстаз бар. Олар – саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнап, мектептің қалыптасуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан тәжірибелі педагогтер, өмір жолы өнегеге толы жандар. Кенже Тасмағамбетова мен Жасқайрат Төлековті шәкірттердің бір емес бірнеше буынын түлеп ұшырған, ұстаздықтың қадірін асқақтатып, адал еңбегімен абырой тұғырынан түспеген мұғалімдер десек, артық айтқанымыз емес. Бүгінгі таңда олар өмір жолының жаңа белесіне қадам басып, зейнет демалысына шығып жатса да, ұстаздық тәлімі мен шәкіртке ықыласы ұстаздардың жаңа буынына ұзақ үлгі болары анық.

Кенже Махатқызы 1964 жылдың 14 қарашасында дүниеге келді. 1982 жылы Талап орта мектебін бітірген соң, еңбек жолын осы білім ордасында тәрбиеші, аға



пионер тәлімгері болып бастады. Кейін медицина саласында білім алып, облыстық аурухананың неврологиялық бөлімінде медбике болып қызмет етті. Алайда оның қалауы педагогика, шәкіртке білім беру болатын. 1987 жылы алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектепке даярлық тобына тәрбиеші болып қызметке тұрды, ал 1991 жылы ұзартылған күн тобының жетекшісі болып жұмыс істеді. 1994 жылы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология факультетін тәмамдаған ол қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызметке кірісіп, осы салада бүгінге дейін абыройлы еңбек етіп келді.

38 жылдық педагогикалық еңбек жолында К.Махатқызы талай шәкірттің жүрегіне білім нәрін сеуіп, тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар берді. Ол – пәнін терең меңгерген, үздіксіз ізденуді өмірлік ұстанымына айналдырған, оқушының білімін жетілдіруді ғана емес, рухани толысуына қолғанат болуды мақсат еткен білікті маман. Оның ұзақ жылғы қызметі лайықты бағаланды: «Үздік ұстаз – 2019» аталымының жеңімпазы болып, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін иеленді. 2019 жылы «Педагогика саласының үздігі» атанса, 2023 жылы республикалық байқауда «Ұстаз» орденімен марапатталуы – оның қажырлы еңбегінің айғағы. Ол тәрбиелеген шәкірттердің арасында

«Ерекше аттестат», «Алтын белгі» иегерлері, ұстазының жолын қуып, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде педагогика саласында қызмет ететін жастар көп.

Осындай адами қасиет пен адал қызметтің тағы бір жарқын үлгісін Жасқайрат Төлековтің еңбек жолынан айқын көре аламыз.



Ол 1962 жылы дүниеге келіп, Ақшкөл бастауыш мектебінде 1 сыныпқа барды. Кейін Есенсай орта мектебін тәмамдап, 1980 жылы Қарағанды қаласындағы Дене шынықтыру институтына оқуға түседі. 1983–1986 жылдары Ресейдің Мурманск облысы, Североморск қаласында «Северный морской флот» құрамында Отан алдындағы міндетін өтеп, әскери тәртіп пен жауапкершіліктің биік мектебінен өтті. Әскерде болғанда жас сарбаздың партия қатарына қабылдануы – оның іске алғырлығын, көшбасшылығын, табандылығын, азаматтық ұстанымын байқатқан жайт.

Бүгінде зейнет жасына жетіп қалған Жасқайрат Айтжанұлының еңбек кітапшасына алғаш түскен жазба – 1988 жылы біздің мектебімізге дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қабылданғаны жөнінде. Кейін алғашқы әскери дайындық пәнін қоса оқытып, 2018 жылға дейін мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше үлес қосты. Әскери-патриоттық бағыттағы еңбегі үшін 2015 жылы Авиация генерал-майоры Талғат Бигелдинов медалімен марапатталды.

Содан соң Ж.Төлеков Орал қаласындағы №38 мектеп пен колледжде қызмет атқарды. Алайда оның еңбек кітапшасында көрсетілетін соңғы білім ордасы сонау жас шағында еңбек жолын бастаған өзіміздің мектеп болмақ. Ол 2021 жылы Талап мектеп-бөбекжай кешеніне оралып, алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы ретінде жұмысын жалғастырды. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген, 37 жылда ол әскери салада қызмет етіп жүрген талай офицер, авиация мамандарын, шекара қызметкерлерін, сондай-ақ ұстаздық жолды таңдаған мұғалімдерді, сан саланың шеберлерін тәрбиелеп шығарды. Бұл ұстаз еңбегінің айқын көрсеткіші екеніне ешкім шүбә келтірмейді.

Бүгін мақалаға арқау еткен алдыңғы буын әріптестерім – мамандық мәртебесін бек қадірлейтін қос ұстаз. Бірі тіл мен руханияттың шамшырағы болса, екіншісі шәкірттерін тәртіп пен ерлікке баулып шығарды. Уақыт олардың талай жылғы еңбегін кеміткен жоқ, қайта құнын арттырды. Өйткені олардың сан шәкірттің жүрегінде қалдырған ізі – баға жетпейтін еңбектің берекесі.

Ұстаздық жолында абыроймен қызмет еткен қос педагогке алдағы уақытта да мықты денсаулық, отбасына бақ-береке, өмірдің ең жақсы игіліктерін тілейміз.

Бибігүл ҒАБДОЛОВА,
Талап мектеп-бөбекжай кешенінің
директоры
ҚУРАЙЛЫСАЙ